



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 63 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының тербелістер дәлізін өзгерту туралы

2014 жылғы 11 қыркүйек

Алматы

ҚР Ұлттық Банкі соңғы айларда Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында АҚШ долларына деген ұсыныстың сұраныстан асып кетуі байқалатынын хабарлайды. Нәтижесінде биыл маусым-тамыз айлары аралығында теңгенің АҚШ долларына қатысты номиналды айырбас бағамы 0.83%-ға нығайды.

Осы жылдың 7-тамызынан бастап теңгенің АҚШ долларына қатысты ресми айырбас бағамы дәліздің ең төменгі деңгейі - долларға шаққандағы 182 теңгеге сай болып орнықты. Бұл – валюта нарығында теңгенің айырбас бағамының әрі қарай нығаюына әлеует бар екенін көрсетеді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі теңгенің долларға қатысты бағамының дәлізін қазіргі 185 +/- 3 теңгеден 185 +3/-15 теңгеге дейін кеңейтуді жөн деп шешті.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ұлттық Банктің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық Банк төлем балансы жағдайына, негізгі сауда серіктес елдердің валюталарының бағамына, сондай-ақ, негізгі экспортталатын шикізаттық тауарларға деген әлемдік баға секілді фундаменталдық факторларға негізделетін жалпы трендтің қалыптасуына әсер етпей, валюталық интервенциялар жасау арқылы айырбас бағамының күрт тербелістерін жұмсарту мақсатында валюта нарығына етене қатысып отырады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639;
2 704 585; 3 302 497*

E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)